

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ
АҚСУ ҚАЛАСЫ БІЛІМ
БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
“ҮШТЕРЕК АУЫЛЫНЫҢ
ОРТА МЕКТЕБІ”

Коммунальное государственное учреждение
“СРЕДНЯЯ ШКОЛА СЕЛА УШТЕРЕК”
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АКСУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы 02 қыркүйек № 1-06/121

**Білім беру ұйымдарында оқушылардың
қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы**

Білім беру ұйымдарында оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне, кезекші мұғалімдерге (кесте бойынша), кезекші әкімшілерге (кесте бойынша), мектеп асханасына жауапты мектеп дәрігеріне балалардың мінез-құлқын қадағалауға, олардың үзілістерде, асханада, сабақтарда, кабинеттерде, спорт залында және т. б. қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жеке оқушылардың мінез-құлық фактілерін анықтау. Осы мәселелер бойынша әлеуметтік педагогпен, білім алушылардың ата-аналарымен, мектеп әкімшілігімен, учаскелік инспектормен өзара жұмыс жасау.

2. Барлық педагогикалық ұжым мен оқушылар абайсызда, ұқыпсыздықта және тәртіпсіздікте қауіпті (шұғыл) жағдайлардың туындауына ықпал етуі мүмкін барлық факторлар мен құбылыстарға назар аударып деңгейін арттыру қажет, Мектепке бөгде заттарды (қораптар, сөмкелер, банктер, бөтелкелер, өткір, тез тұтанатын және жарылғыш заттар және т.б.) әкелуге тыйым салынады.

3. Орта және жоғары сынып оқушыларының сабақ уақытында және қосымша білім беру ұйымында уақытында (үйірмелердің, секциялардың жұмысы және т.б.) мектеп ғимаратынан шығуы тек ерекше жағдайларда сынып жетекшісінің жазбаша рұқсатымен жүргізілсін, сабақ үстінде сыныптан шығаруға тыйым салынсын және сабақ уақытында оқушыларды сабақтан шығаруға тиым салынады. **Жауапты: сынып жетекшілері, пән мұғалімдері**

4. Бастауыш сыныптармен мектепалды даярлық оқушыларын сабақтан кейін ата-аналар мектептен алып кетсін. Мектеп ғимаратына ата-аналар мектеп директорының бекіткен ішкі тәртіп ережесіне сәйкес жіберілуі керек. Бастауыш сынып оқушыларын ата-аналарының жазбаша рұқсатынсыз бөгде адамдарға беруге тыйым салынады. **Жауапты: сынып жетекшілері, бастауыш сынып мұғалімдері**